

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы экономикалық реформалар орталығы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 26 желтоқсан N 1470. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикада экономикалық өзгертулерді жеделдету мен тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығы Үкіметінің Қазақстан Республикасындағы экономикалық өзгерістер жөніндегі тұжырымдамалық және бағдарламалық құжаттарының жобаларын әзірлеуді, сондай-ақ экономикалық реформаның жекелеген мәселелері бойынша нормативтік құжаттардың жобаларын дайындауды жүзеге асыратын талдамалы және консультативтік орган болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығы туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығы қызметкерлерінің шекті штаттық саны 15 адам болып және қызмет бабында пайдаланылатын 1 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығының басшылықтағы есеп қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс басқармасы бөлімдері үшін көзделген еңбек ақы төлеу шарттары қолданылсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығының аппаратын ұстау үшін республикалық бюджеттен қажетті қаражатты қарастырсын.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс басқармасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығының қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында орналастыру, оның қызмет-жайын қажетті байланыс, көлік құралдарымен және өзге де ресурстармен жабдықтауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1470 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
жанындағы Экономикалық реформалар орталығы туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығы /бұдан әрі - Орталық/ жүйелі талдау қызметі мен Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамытудың өзекті проблемалары бойынша практикалық ұсыныстар әзірлейтін талдамалы және консультативтік орган болып табылады, ол нарықтық реформаның стратегиялық мәселелері бойынша, экономикалық саясаттың бағыттары және оны жүзеге асырудағы министрліктер мен ведомстволардың іс-қимылын келісу жөнінде ұсыныстар дайындайды.

2. Орталыққа Қазақстан Республикасының Премьер-министрі тікелей басшылық жасайды.

3. Орталық әзірлеген материалдар Қазақстан Республикасының Премьер-министріне түсіріледі және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің немесе Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Төралқасының қарауына енгізілуі мүмкін.

II. Орталықтың міндеті мен функциясы

4. Орталықтың басты міндеті:

Қазақстан Республикасында экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұжырымдамалық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеу;

экономикалық реформаның жекелеген мәселелері бойынша заң актілері мен

нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу болып табылады.

5. Өзінің басты міндетін жүзеге асыру үшін Орталық: нарықтық реформаларды жүзеге асырудың барысында талдау жасайды, маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды қарайды және оларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

экономикалық реформаның стратегиялық және тұжырымдамалық мәселелері бойынша, мемлекеттің экономикалық саясатының өзекті бағыттары бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді;

перспективалық тұжырымдамалар мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламаларын әзірлеуге ғылыми-әдістемелік басшылық жасайды;

экономикалық реформаны тереңдету жөнінде министрліктер, ведомстволар мен бас ұйымдар әзірлеген жобалар мен ұсыныстарды қарап, қорытады;

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің тапсырмасы бойынша экономикалық саясаттың өзекті мәселелері жөнінде министрліктер, ведомстволар және басқа ұйымдар түсірген материалдарға қорытындылар әзірлейді.

III. Орталықтың өкілеттілігі

6. Жүктелген міндет пен функцияның орындалуы үшін Орталықтың:

Үкімет деңгейінде шешілетін экономикалық саясат проблемаларының талқылануына, экономикалық саясаттың аса маңызды бағыттарын белгілейтін тұрақты ведомствоаралық комиссиялардың жұмысына қатысуға;

министрліктерден, ведомстволардан, жергілікті әкімшіліктер мен басқа да мемлекеттік басқару органдарынан өзінің құзіретіне жататын мәселелер жөнінде қажетті негіздемелерді есептеулер мен басқа да материалдарды сұратып алуға;

жаңа экономикалық қатынастардың нормативтік негізін жасау жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулыларының, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі өкімдерінің жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы тиісті заңдарының жобаларын әзірлеуге құқы бар.

IV. Орталықтың басқару органдары

7. Орталықты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын басшы басқарады.

8. Басшының орынбасарын, лауазымына Орталық басшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды.

9. Орталық басшысының лауазымы Қазақстан Республикасы министрінің бірінші орынбасарының лауазымына теңестіріледі.

10. Орталық басшысы орынбасарларының лауазымы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасы бөлімінің меңгерушісі орынбасарының лауазымына теңестіріледі.

11. Орталық басшысы Орталықтың жұмыс атқаруын қамтамасыз етеді және

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Премьер-министрі тапсырмаларының, сондай-ақ осы Ережемен оған жүктелген функциялар мен міндеттердің дер кезінде, әрі сапалы орындалуы үшін дербес жауап береді.

12. Орталық басшысының орынбасары басшы белгілеген қызмет аясы шегінде шешімдер қабылдайды.

13. Орталық басшысы болмаған кезеңде оның міндетін орталық басшысының орынбасары атқарады.

14. Орталық жұмысына қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс басқармасы жүзеге асырады.